

## **"Марал шаруашылығы" кәсіптік стандартын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2024 жылғы 12 ақпандағы № 55 бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Марал шаруашылығы" кәсіптік стандарты бекітілсін:

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ғылыми қамтамасыз ету басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы*

*А. Сұлтанов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің міндетін

атқарушының

2024 жылғы 12 ақпандағы

№ 55 бұйрығымен

бекітілген

## **"Марал шаруашылығы" кәсіптік стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: "Марал шаруашылығы" кәсіптік стандарты (бұдан кейін – кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленген, мал шаруашылығы

саласындағы мамандарға, атап айтқанда марал өсіру және марал өнімдерін алу саласындағы мамандарға қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) азық – өсімдік, жануар, микробиологиялық текті өнімдер, сондай-ақ қоректендіргенде қалыпты физиологиялық функциялардың көрінісін және олардан алынатын өнімдердің сапасын қамтамасыз ететін минералды қоспалар;

2) азықтандыру рационы – ауыл шаруашылығы жануарларының қоректік заттарға күнделікті қажеттілігін қанағаттандыратын азық өнімдерінің жиынтығы;

3) акклиматизация – жануарлар мен өсімдіктердің жаңа тіршілік жағдайларына бейімделуі.

4) аңшылықтану – зерттеу мәні аңшылық шаруашылығы болып табылатын ғылым;

5) аңшылық шаруашылығы – аңшылық алқаптардағы жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану, жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын сақтау, оларды қорғау және өсімін молайту бойынша шаруашылық қызмет түрі;

6) биотехникалық іс-шаралар – аңшылық алқаптардағы жануарлар санының жыл сайынғы өсуін арттыруға бағытталған аңшылық популяциялар мен олардың мекендеу орындарына биотехникалық әсер етудің жиынтығы;

7) ветеринария – жануарлардың аурулары мен азықтан улануын (зақымдануын) зерделеуге, олардың профилактикасына, диагностикасына, оларды емдеуге және жоюға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға бағытталған арнаулы ғылыми білімдер мен практикалық қызмет саласы;

8) дезинфекция – инфекциялық ауруларды тудыруы мүмкін микроорганизмдерді қоршаған орта объектілеріндегі жоюға бағытталған арнайы іс-шаралар жиынтығы;

9) дериват – жануардың туындысы және одан және оның туындысынан өндірілген өнімдер;

10) диагностика – ауруларының бар немесе жоқ болуы фактілерін анықтауға бағытталған медициналық қызмет кешені;

11) жануарлар түрлерінің өсімін молайту – жануарлар түрлерінің табиғи жағдайда табиғи көбеюі және оларды қолдан өсіру;

12) жануарларды интродукциялау – жануарлар түрлері дарақтарының ареалдардан тыс, бұрын мекендемеген жаңа жерлерге әдейі немесе кездейсоқ таралуы;

13) карантин – эпизоотиялық ошақты жою және аурудың таралуын болдырмау мақсатында эпизоотиялық ошақ, саламатсыз пункт пен ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақ арасындағы шаруашылық байланыстарды шектеуге немесе тоқтатуға

және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды (орнын ауыстыруды) тоқтата тұруға бағытталған ветеринариялық-әкімшілік-экономикалық шаралар жүйесін қарастыратын құқықтық режим;

14) кәсіптік стандарт – кәсіби қызметтің белгілі бір саласында біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

15) қорықшы – бекітілген аңшылық алқаптар мен балық аулау су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғауды жүзеге асыратын қорықшы қызметінің арнайы уәкілетті тұлғасы;

16) ветеринариялық дәрігер – жануарларды емдеуге ғылыми дайындығы бар адам;

17) маралдар – бұғылар тұқымдасынан аша тұяқты сүтқоректілер;

18) миграциялар – бұл түрдің экологиялық ерекшеліктеріне байланысты немесе ауа-райы немесе азық-түлік факторларынан туындаған жануарлардың күнделікті және маусымдық қозғалысы;

19) санитария – гигиена талаптарын (жануарлар гигиенасы) сақтауға бағытталған шаралардың жиынтығы;

20) таксация (аңшылық) – аңшылық алқаптарды бағалау: олардың сапалық және сандық жай-күйін, әр түрлі аңшылық-кәсіптік жануарлардың тіршілік ету ортасына жарамдылығын, азық-түлікпен қамтамасыз етілуін анықтау.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

2) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

3) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

4) БА – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

## **2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты**

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Марал шаруашылығы.

5. Кәсіптік стандарттың коды: А01490021.

6. ЭҚЖЖ-ға сәйкес секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы;

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну;

01.4 Мал шаруашылығы;

01.49 Жануарлардың басқа түрлерін өсіру;

01.49.0 Жануарлардың басқа түрлерін өсіру.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Марал шаруашылығы фермерлік шаруа қожалығының инфрақұрылымын жайластыру және ұстау, жануарлар басының өсімін молайту және оңтайлы санын ұстау үшін жағдай жасау, туристік қызмет көрсету және спорттық аңшылықты ұйымдастыру.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Бақташы – СБШ 1-деңгейі;
- 2) Жануарларға қарайтын жұмысшы – СБШ 3-деңгейі;
- 3) Азық әзірлеуші – СБШ 3-деңгейі;
- 4) Мал өсіру фермаларына арналған жабдықтар механигі – СБШ 4-деңгейі;
- 5) Мал шаруашылығындағы техник-ұрықтандырушы – СБШ 4-деңгейі;
- 6) Марал өсіруші – СБШ 4-деңгейі;
- 7) Зоотехник – СБШ 4-деңгейі;
- 8) Бас зоотехник – СБШ 6-деңгейі;
- 9) Ауыл шаруашылығы ұйымының директоры – СБШ 6-деңгейі.

### 3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. "Бақташы" кәсіптік карточкасы			
Топтың коды:	9211-2		
Қызмет атауының коды:	9211-2-004		
Кәсіптің атауы:	Бақташы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	1		
СБШ бойынша біліктіліктің ішкі деңгейі:	1		
БТБА, БА және басқа үлгілік біліктіліктің сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Аралас өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде біліктілігі жоқ жұмысшы.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: бастауыш білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	-		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Қажет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Табыншы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мал бағу шаралары мен жағдайларын ұйымдастыру.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
		1. Жекелеген малдардың артта қалуына немесе жалпы табыннан бөлініп қалуына жол бермеу, мал бағу және бағуды бақылау.	

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	2. Малдарды азықтандыру мен күтуді бақылау. 3. Мал жаюға дейінгі және кейінгі іс-шараларды ұйымдастыру.
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Жануарларға алғашқы ветеринариялық көмек көрсету.
1-еңбек функциясы: Жеке малдардың артта қалуына немесе жалпы табыннан бөлініп қалуына жол бермеу, мал бағу және бағуды бақылау.	1-дағды: Жайылымдарды қалыптастыру.	Машықтар: 1. Мал жаюға қолайлы жерлерді анықтау үшін аумаққа зерттеу жүргізу. 2. Мал жаю маршрутын құрастыру. Білімдер: 1. Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың азықтандыру негіздері. 2. Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының морфологиялық және физиологиялық көрсеткіштерінің негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Мал бағу	Машықтар: 1. Табын қалыптастыру. 2. Жануарларды қабылдау және айдап өту. 3. Табынды сақтау. Білімдер: 1. Ауыл шаруашылығы жануарларының мінез-құлық ерекшеліктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
2-еңбек функциясы: Малдарды азықтандыру мен күтуді бақылау	1-дағды: Жануарларды азықтандыруды ұйымдастыру	Машықтар: 1. Бордақылау алаңдары мен қоректендіргіштер бойынша азықтарды ұтымды бөлу. 2. Сапасы төмен азықтан бас тарту. 3. Базалық құрал-жабдықты пайдалану. Білімдер: 1. Ірі қара малдың анатомиясы мен физиологиясы бойынша негізгі білім. 2. Азықтандыру нормалары және азық рационы. 3. Қоректендіргіштер мен қолдан қоректендіру алаңдарының зоогигиеналық көрсеткіштері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	1-дағды: Малды қабылдау, өлшеу және айдап өту	Машықтар: 1. Жануарларды қабылдау және акклиматизация кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету. 2. Жануарларды көзбен қарау, өлшеу. 3. Малды айдап өту, шалғайға айдау. Білімдер: 1. Ірі қара малдың негізгі физиологиялық және морфологиялық көрсеткіштері.

3-еңбек функциясы: Мал жаюға дейінгі және кейінгі іс-шараларды ұйымдастыру		2. Жануарларды өлшеуге, бекітуге және тексеруге арналған арнайы жабдық.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Дезинфекциялық шараларды жүргізу	Машықтар: 1. Санитариялық өңдеуді жүргізу. 2. Мал шаруашылығы аумақтарының ластану дәрежесін бағалау. 3. Негізгі биотехникалық іс-шараларды жүргізу. Білімдер: 1. Ауыл шаруашылығы жануарларын күтіп-бағатын орындарға қойылатын зоогигиеналық талаптар. 2. Жеке бас гигиенасына қойылатын талаптар. 3. Өрт және жалпы қауіпсіздік техникасы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
1-қосымша еңбек функциясы: Жануарларға алғашқы ветеринариялық көмек көрсету	1-дағды: Жануарларға ветеринариялық көмек көрсету	Машықтар: 1. Алыс жайылымдағы ауру малдарды күту. 2. Жануарлар термометриясын және оларға жалпы тексеру жүргізу. 3. Жануарларға жарақаттану немесе улану кезінде алғашқы көмек көрсету. Білімдер: 1. Далалық жағдайларда ауру жануарларды күту қағидалары. 2. Ауыл шаруашылығы жануарларына емдік көмек көрсетудің әдістері мен тәсілдері. 3. Дәрілік заттарды енгізу тәсілдері. 4. Жануарларды өңдеу және арнайы құралдарды пайдалану кезіндегі санитарлық қауіпсіздік қағидалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Өз бетінше жұмыс істеу және жауапкершілік Тәртіптілік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-	
СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	2	5190-4-008 Жануарларды қараушы
10. "Жануарларға қарайтын жұмысшы" кәсіптік карточкасы		
Топтың коды:	6129-0	
Қызмет атауының коды:	6129-0-011	
Кәсіптің атауы:	Жануарларға қарайтын жұмысшы	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3	

СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	3		
БТБА, БА және басқа үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Аралас өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде біліктілігі жоқ жұмысшы.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: техникалық және кәсіптік білім (жұмысшы кәсіптер )	Мамандық: Зоотехния	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	еңбек өтілінсіз		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	қажет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Малшы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жануарларға, оның ішінде кез келген күрделі және ерекше қауіпті жануарлар топтарына күтім жасау.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Күтіп-бағылатын жануарларды азықтандыру. 2. Жануарларды күтіп-бағу және олар күтіп-бағылатын жерлерді тазалау. 3. Өсіру.	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Тасымалдау	
1-еңбек функциясы: Күтіп бағылатын жануарларды азықтандыру	1-дағды:	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жануарлардың әртүрлі топтары мен жасына арналған азықты рецептке сәйкес дайындау.</li> <li>2. Азық нормаларын анықтау.</li> <li>3. Азық балғындығын анықтау.</li> <li>4. Әртүрлі топтағы ересек және жас жануарларды қолдан азықтандыру.</li> <li>5. Азықты тарату.</li> <li>6. Азық пен азық қоспаларын сақтау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жануарлардың әртүрлі топтары мен жасына арналған негізгі азық рецептері.</li> <li>2. Жануарлардың күтіп-бағылатын түрлерінің жасы бойынша азық нормалары.</li> <li>3. Жануарлардың күтіп-бағылатын түрлерінің құрамындағы белоктарға, витаминдерге және минералды заттарға қажеттілігі.</li> <li>4. Жануарларды ұстаудың, күтіп-бағу, азықтандыру және күту кезіндегі зоогигиеналық және ветеринариялық қағидалар.</li> <li>5. Ересек және жас жануарларды қолдан азықтандыру тәсілдері.</li> </ol>	

	<p>Азықты даиындау және тарату</p>	<p>6. Азықты тарату тәсілдері; 7. Азық пен азық қоспаларын сақтау технологиясы.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p>2-дағды: Суару</p>	<p>Машықтар: 1. Әртүрлі топтағы жануарларды суару. 2. Дәрілік препараттармен суару. 3. Әртүрлі топтағы ересек және жас жануарларды колдан суару.</p> <p>Білімдер: 1. Жануарлардың әртүрлі топтарының суару ерекшеліктері. 2. Дәрілік препараттармен суару техникасы. 3. Әр түрдегі жануарларды колдан суару әдістері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>2-еңбек функциясы: Жануарларды күтіп-бағу және олар күтіп-бағылатын жерлерді тазалау</p>	<p>1-дағды: Жануарларды күтіп-бағу</p>	<p>Машықтар: 1. Температураны, ылғалдылықты және жарықты сақтау. 2. Жануарларды қосымша өмір сүруге қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету (коралар, суаттар, суға түсу, қасыну орындары). 3. Бірге күтіп-баққан кезде топтар/жұптар құру. 4. Жануарлардың жағдайы мен мінез-құлқын бақылау. 5. Санитарлық режимді сақтау. 6. Қолмен/механикаландырылған қырку. 7. Зооветеринариялық іс-шараларға қатысу.</p> <p>Білімдер: 1. Жануарлардың әртүрлі типтері мен жасы үшін оңтайлы температура, ылғалдылық және жарықты ұстап тұру. 2. Түрлі типтегі және жастағы жануарлардың ұстау орындарын жабдықтаудағы қажеттіліктері. 3. Бірге күтіп-баққан тұру кезде топ/жұп құру принциптері. 4. Жануарлардың мінез-құлқы мен физиологиясының негіздері. 5. Жануарларды ұстаудың, азықтандырудың және күтудің зоогигиеналық және ветеринариялық қағидалары. 6. Қолмен/механикаландырылған күзеу технологиясы. 7. Жануарлар ауруының белгілері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
		<p>Машықтар: 1. Жануарлар күтіп-бағылатын аумақтарды құрғақ және ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу.</p>



	<p>2-дағды: Тазалау жұмыстарын жүргізу</p>	<p>2. Құрал-жабдықтарды, соның ішінде су ішетін ыдыстарды, ванналарды, тарау бөлмелерін, тазалау. 3. Тіршілік қалдықтарын алып тастау. 4. Жануарларды күтіп-бағатын орындарды дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жұмыстарын жүргізу. 5. Төсемені және/немесе топырақты ауыстыру.</p> <p>Білімдер: 1. Жануарларды күтіп-бағу орындарын құрғақ және дымкыл тазалау және жабдықты тазалау тәртібі. 2. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу ережелері. Дезинфекциялық қондырғылар мен бүріккіштерді орнату. 3. Жануарларды ұстаудың, азықтандырудың және күтудің зоогигиеналық және ветеринариялық қағидалары.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>3-еңбек функциясы: Өсіру</p>	<p>1-дағды: Асыл тұқымды жұптарды /топтарды құру</p>	<p>Машықтар: 1. Асыл тұқымдық әлеуеті бар жануарларды таңдау, асыл тұқымды жұптарды/топтарды таңдау. 2. Табиғи көбеюіне жағдай жасау. 3. Жануарларды қолдан ұрықтандыруға дайындау.</p> <p>Білімдер: 1. Асыл тұқымды жануарларды селекциялық іріктеу және таңдау. 2. Биологиялық циклдар, жануарлардың күйлеу кезеңіндегі мінез-құлқының физиологиялық нормалары. 3. Малды қолдан ұрықтандыруды дайындау және жүргізу негіздері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p>2-дағды: Төлдерді өсіру</p>	<p>Машықтар: 1. Төлдерді өсіру кезінде жағдай жасау және қажетті күтім жасау. 2. Төлдерді өсіру кезінде зоогигиеналық жағдайларды сақтау және ұйымдастыру.</p> <p>Білімдер: 1. Төлдерді өсірудің зоотехникалық әдістері. 2. Жануарларды күтіп-бағудың, азықтандырудың және күтудің зоогигиеналық және ветеринариялық қағидалары.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
		<p>Машықтар: 1. Жануарларды аулау. 2. Тасымалданатын жануарлардың топтарын құру. 3. Жануарларды тасымалдауға дайындау.</p>

1-қосымша еңбек функциясы: Тасымалдау	1-дағды: Тасымалдауды ұйымдастыру	4. Жануарларды арнайы жабдықталған көліктерде – мал тасушыларда бекіту. 5. Ветеринариялық дәрігердің қарауы үшін жануарлардың карантиндік топтарын құру.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Білімдер: 1. Тасымалданатын жануарлар түрлерінің мінез-құлық ерекшеліктері мен физиологиясы. 2. Жануарларды аулау, топқа бөлу және бекіту әдістері. 3. Жануарларды тасымалдауға қойылатын негізгі талаптар және техникалық қауіпсіздік қағидалары. Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Өз бетінше жұмыс істеу және жауапкершілік Тәртіптілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-		
СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Малшы-техник	
11. "Азық әзірлеуші" кәсіптік карточкасы:			
Топтың коды:	6121-2		
Қызмет атауының коды:	6121-2-003		
Кәсіптің атауы:	Азық әзірлеуші		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	3		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Мал шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: техникалық және кәсіптік білім (жұмысшы кәсіптер )	Мамандық: Зоотехния	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс өтілінсіз		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Қажет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Азық дайындау және әзірлеу жөніндегі білікті жұмысшы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мал азығын механикаландырылған жолмен дайындау, тарату және бөліп беру.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
		1. Бір немесе екі жылдық және көпжылдық азықтық дақылдардан мал азығын дайындау және сақтау.	

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	2. Азық компоненттері мен дайындалатын азық сапасын бақылау және бағалау. 3. Азықты сақтау және тарату.
	Қосымша еңбек функциялары:	
1-еңбек функциясы: Бір немесе екі жылдық және көпжылдық азықтық дақылдардан мал азығын дайындау және сақтау	1-дағды: Бір-екі жылдық мал азықтық дақылдар мен олардың тұқымдарынан азық дайындау және сақтау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бір немесе екі жасар мал азықтық дақылдар мен олардың тұқымдарынан әр түрлі азықтарды дайындаудың технологиялық процесін қамтамасыз ету.</li> <li>2. Бір немесе екі жылдық мал азықтық дақылдардан сақтандыру қоры азығын дайындау мен сақтауды жоспарлау.</li> <li>3. Бір немесе екі жасар мал азықтық дақылдар мен олардың тұқымдарынан азық дайындаудың технологиялық схемаларын құрастыру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көп жылдық азықтық дақылдар мен олардың тұқымдарынан азық дайындауға арналған машиналар мен жабдықтарды реттеудің техникалық шарттары.</li> <li>2. Ауыл шаруашылығы агрегатын, құрал-жабдықтарын және арнайы техникаларды пайдалана отырып, бір немесе екі жылдық мал азықтық дақылдардан қауіпсіз қор азығын дайындау және сақтау технологиясы.</li> <li>3. Ауылшаруашылық агрегатын, арнайы жабдықтарды және машиналарды пайдалана отырып, азық дайындау және сақтау процесін басқару әдістері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Көпжылдық азықтық дақылдардан азық дайындау және сақтау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көпжылдық азықтық дақылдардан әр түрлі азық дайындау.</li> <li>2. Көпжылдық азықтық дақылдарын сақтау қор азығын дайындау мен сақтауды жоспарлау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көпжылдық азықтық дақылдар мен олардың тұқымдарынан азық дайындауға арналған машиналар мен жабдықтарды реттеудің техникалық шарттары.</li> <li>2. Ауыл шаруашылығы агрегаттарын, құрал-жабдықтарын және арнайы техникаларды пайдалана отырып, көпжылдық мал азықтық дақылдардан сақтау қор азығын дайындау, сақтау технологиясы.</li> <li>3. Ауылшаруашылығы машиналарын, арнайы жабдықтарды және машиналарды пайдалана отырып, азық дайындау және сақтау процесін басқару әдістері.</li> </ol>

	Дағдыны тану мүмкіндігі : :	Ұсынылмайды
2-еңбек функциясы: Азық компоненттері мен дайындалатын азық сапасын бақылау және бағалау	1-дағды: Азық компоненттерін қабылдау және жинақтау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Азық арнайы рецепт бойынша, сондай-ақ ақуыз бен басқа компоненттері теңдестірілген азық дайындау.</li> <li>2. Азықтың құрамы мен қоректік құндылығын анықтау, азықтық рациондар құрастыру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың маусым бойынша қоректік заттарға қажеттілігінің нормативтері.</li> <li>2. Малға, құсқа, малға қолданылатын жем түрлері, олардың тағамдық құндылығы, сіңімділігі және организм үшін маңызы.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі : :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Азық компоненттерін қоспалардан тазарту	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Азық цехындағы машиналар мен жабдықтарға күтім жасау.</li> <li>2. Рационға сәйкес азықтық қоспалар мен өндірістік қалдықтардың қажетті мөлшерін дайындауға есептеулер жүргізу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әртүрлі компоненттерді жылумен өңдеу қағидалары, оларды тиеу реттілігі</li> <li>2. Азықтың құрамдас бөліктерін қоспалардан тазартқаннан кейін азық дайындауға арналған қоспалардан тазартуға арналған машиналар мен жабдықтарды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету қағидалары.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі : :	Ұсынылмайды	
1-дағды: Маялағыш машинамен престелмеген пішенді, сабанды және түктерді маялау		<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шөптің, сабанның, сүрлемнің және пішендеменің есебін жүргізу, сонымен қатар олардың сапасын бақылау.</li> <li>2. Дайындаманың орнын (жолдың жанында, шабындықтың шетінде, биік жерде) және пішіні мен өлшемін таңдаңыз.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Азықтың сақтандыру қоры ретінде пішен, сабан, сүрлем және пішендеме дайындауды есепке алу технологиясы.</li> <li>2. Машиналар мен жабдықтарды жұмысқа дайындау техникасы.</li> <li>3. Азық сапасын әр түрлі шөптерден тұратын пішіннің ботаникалық құрамын және басым мал азықтық өсімдіктердің негізгі түрлерінің вегетациялық кезеңін бағалау әдістемесі.</li> </ol>

3-еңбек функциясы: Азықты сақтау және тарату	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды	
	2-дағды: Дестеленген пішінді тіркелетін және өздігінен жүретін прессіріктеушілермен престоу.	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шөп пен сабанды орамдар мен бумаларға престоу арқылы азық дайындау және сақтау бойынша механикаландырылған жұмыстарды орындау.</li> <li>2. Сүрлем, пішен және шырынды азық дайындау және оларды тасымалдау технологиясын сақтау.</li> <li>3. Шөп пен сабанды орамдар мен бумаларға, сүрлем мен пішендемені траншеялар мен мұнараларға престоу арқылы азық дайындау және сақтау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге арналған арнайы техниканы, азықты дайындау жабдықтарын пайдалану қағидаларын сақтау.</li> <li>4. Азықты тиеу және тарату үшін машиналар мен жабдықтарды дайындау және пайдалану қағидаларын сақтау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ірі, шырынды және құнарландырылған азықты дайындау және сақтау жөніндегі жұмыстардың сапасын бақылауға қойылатын талаптар.</li> <li>2. Ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын жұмыста пайдаланудың техникалық шарттары.</li> <li>3. Тасымалдау қашықтығына байланысты азықты тасымалдау, тиеу және түсіру кезіндегі еңбекті қорғау талаптары.</li> </ol>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Өз бетінше жұмыс істеу және жауапкершілік Парасаттылық		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-		
СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	3	Зиянкестермен күрес бойынша жұмысшы	
	5	Бөлімшенің агрономы (бригадалар, ауыл шаруашылық учаскесі, фермалар) (орта біліктілік)	
12. "Мал өсіру фермаларына арналған жабдықтар механигі" кәсіптік карточкасы:			
Топтың коды:	7239-1		
Қызмет атауының коды:	7239-1-001		
Кәсіптің атауы:	Мал өсіру фермаларына арналған жабдықтар механигі		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	4		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары	Барлық атаулардағы техниктер.		

бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: техникалық және кәсіптік білім (орта буын маманы)	Мамандық: Ауыл шаруашылығын механикаландыру	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Аталған бағытта 1 жыл.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Қажет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Ауыл шаруашылығы жабдықтарын монтаждаушы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мал басын күту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және механикаландыру құралдарын анықтау.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Мамандандырылған ауыл шаруашылығы машиналарын, құрал-саймандар мен жабдықтарды басқаруды және техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру. 2. Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану, қолдану және жөндеуді бақылау.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
1-еңбек функциясы: Мамандандырылған ауыл шаруашылығы машиналарын, құрал-саймандар мен жабдықтарды басқаруды және техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру.	1-дағды: Тракторларды, комбайндарды, монтаждалған және тіркеме машиналар мен жабдықтарды тексеруді жүзеге асыру кезінде стандарттарды енгізу бойынша орындау қызметі.	Машықтар: 1. Мал шаруашылығы кешенін механикаландыру үшін машина комбинацияларын таңдау. 2. Техникалық және агроклиматтық талаптарды ескере отырып, олардың қажеттілігі бойынша машина комбинацияларын ұйымдастыру.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Білімдер: 1. Агроөнеркәсіп кешеніндегі технологиялық процестерді механикаландыру. 2. Тракторларды, комбайндарды және техникалық жетекті машиналарды конструкциясы, қажеттілігі, атқаратын қызметі, қолданылу саласы және пайдалану сипаттамалары бойынша жіктеу.	
	2-дағды: Монтаждауды жүзеге асыруда, жұмыс режимдерін орнатуда белгіленген тапсырмаларды орындау үшін жоспарлау және жауапкершілік	Ұсынылмайды	
		Білімдер: 1. Монтаж бойынша технологиялық процестер, жұмыс тәртібін орнату. 2. Жабдықтар мен құралдарды қауіпсіз орнату, монтаждау, бөлшектеу, өңдеу, тиеу, қатарлау, түсіру	

	нормаларын іске асыру бойынша атқарушылық қызмет.	және сақтау бойынша жұмыс тәртібі мен жұмыс кезеңдерін сипаттау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
2-енбек функциясы: Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану, пайдалану және жөндеуді бақылау.	1-дағды: Ауыл шаруашылығы техникасының әртүрлі түрлеріне жөндеу кезінде норманы орындау бойынша атқарушылық қызмет.	Машықтар: 1. Ауыл шаруашылығы техникасының қозғалтқыштары мен жүйелерін құрастыру және бөлшектеу. 2. Машиналарды жөндеу кезіндегі ақауларды анықтау және оларды құжаттау және ақау актісін жасау.  Білімдер: 1. Донғалақты, шынжыр табанды тракторлардың, астық жинайтын комбайндардың және моторлы көлік құралдарының жүйелерін, пайдалану параметрлерін, жұмыс істеу принциптерін және сипаттамаларын сипаттау. 2. Ауыл шаруашылығы техникаларын диагностикалау, пайдалану және жөндеу бойынша нұсқаулық.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Ауыл шаруашылығы техникасының әртүрлі түрлерін профилактикалық және техникалық қызмет көрсету кезеңінде норманы орындау бойынша атқарушылық қызмет	Машықтар: 1. Ауыл шаруашылығы техникасының әр түрлі түрлеріне профилактикалық және техникалық қызмет көрсетуге диагностика жүргізу. 2. Машиналарды пайдалану кезіндегі ақауларды анықтау және оларды құжаттау.  Білімдер: 1. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын дайындау, басқару, қызмет көрсетудің технологиялық процестері. 2. Ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын дайындауға, басқаруға және техникалық қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар. 3. Ауылшаруашылығы техникасының әртүрлі типтеріне техникалық қызмет көрсетуді қауіпсіз пайдалану бойынша жұмыс тәртібі мен жұмыс кезеңдерін сипаттау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Аналитикалық ойлау Жұмыс процестерін бақылау	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-	
	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:

СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс:	5	Агроөнеркәсіптік кешеннің техник-механигі	
13. "Мал шаруашылығындағы техник-ұрықтандырушы" кәсіптік карточкасы			
Топтың коды:	6121-3		
Қызмет атауының коды:	6121-3-010		
Кәсіптің атауы:	Мал шаруашылығындағы техник-ұрықтандырушы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	4		
БТБА, БА және басқа үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	БТБА, 64-шығарылым Жануарлар мен құстарды қолдан ұрықтандыру жөніндегі оператор		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: техникалық және кәсіптік білім (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Зоотехния	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс өтілі 1 жыл		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Қажет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі техник		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жануарды қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жануарлардың күйлеген кезеңін анықтау және қолдан ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қолдан ұрықтандыруды жүргізу. 2. Жануарлар мен құстарды қолдан ұрықтандыру бойынша есепке алу және есеп беру құжаттамасын жасау.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
	1-дағды: Жануарлардың көбею процесіне қатысуға	Машықтар: 1. Жануарлардың түріне және қолда бар ресурстарға байланысты аналықтардың күйлеген кезеңін анықтау әдісін таңдау. 2. Визуалды, қынаптық, тік ішекті, зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін қолдана отырып, аналықтардағы күйлеу белгілерін анықтау. Білімдер: 1. Қолдан ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды реттейтін нормативтік	



<p>1-еңбек функциясы: Жануарларды ыстықта бірдейлендіру және колдан ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес колдан ұрықтандыруды жүргізу.</p>	<p>дайындығын анықтау үшін олардың жағдайын бағалау.</p>	<p>құжаттарға сәйкес аналық жануарларда күйлеуді анықтау әдістері.</p> <p>2. Аналық жануарлардың күйлеу кезеңін анықтаудың визуалды, қынаптық, тік ішектік, зертханалық және аспаптық әдістерін жүргізу техникасы.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p>2-дағды: Қауіпсіздікті сақтай отырып жасанды ұрықтандыруға арналған тұқымдық аталықтардың шәуетін алу</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Ветеринариялық-санитариялық ережелерге сәйкес асыл тұқымды аталықтардың күпегін жуу тәртібін жүргізу.</p> <p>2. Арнайы құрал-жабдықтар мен құралдарды пайдалана отырып, асыл тұқымды аталықтардың шәуетін алу процедурасын жүргізу.</p> <p>3. Макро- және микроскопиялық әдістерді қолдана отырып, жаңадан алынған сперматозоидтардың сапасын бағалау процедурасын жүргізу.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Ветеринариялық-санитариялық ережелерге сәйкес асыл тұқымды аталықтардың күпегін дезинфекциялық ерітінділермен жуу әдістемесі.</p> <p>2. Әр түрдегі жануарлардың (құстардың) тұқымдық шәуетін аталықтарынан жинау әдістері.</p> <p>3. Жаңа алынған шәует сапасын макроскопиялық және микроскопиялық бағалау әдістерін орындау.</p> <p>4. Ірі-қара малдың, оның ішінде маралдың дериватын білу.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p>3-дағды: Ж а с а н д ы ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес аналық жануарды колдан ұрықтандыруды жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Асыл тұқымды аталықтардың шәуетін алу үшін есепке алу және есеп беру құжаттамасын жасау.</p> <p>2. Сапасының сақталуын қамтамасыз ететін әдістерді қолдана отырып, қысқа мерзімді сақтау үшін шәуетін салқындату.</p> <p>3. Қолдан ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес арнайы құралдарды пайдалана отырып, ұрықты аналық жыныс мүшелеріне енгізу.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Шәует өнімдерін есепке алу және бағалау журналдарын жүргізу қағидалары.</p> <p>2. Жаңадан алынған шәуетті одан әрі пайдалану үшін жарамдылық өлшеишарттары.</p> <p>3. Әр түрдегі аналық жануарларды (құстарды) колдан ұрықтандыру әдістері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
		<p>Машықтар:</p>

2-еңбек функциясы: Жануарлар мен құстарды колдан ұрықтандыру бойынша есепке алу және есеп беру құжаттамасын жасау	1-дағды: Жасанды ұрықтандыру пунктін (станциясын) ветеринариялық-санитариялық өңдеуді есепке алу және есеп беру құжаттамасын толтыру	1. Дезинфекцияны есепке алу журналын жасау. 2. Жасанды ұрықтандыру пунктін (станциясын) құрал-жабдықтармен және шығын материалдарымен жабдықтауға өтінімдерді толтыру .	
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Білімдер: 1. Ветеринариялық есептілік талаптарына сәйкес залалсыздандыруды есепке алу журналын толтыру ережелері. 2. Материалдар мен жабдықтарды сатып алуға өтінім нысаны.	
	2-дағды: Қолдан ұрықтандыруға арналған материалдарды, құрал-жабдықтарды және құралдарды дайындау бойынша есепке алу және есеп беру құжаттамасын жасау	Машықтар: 1.Ерітінділерді дайындау және тұтыну, шәует сапасын бағалау журналдарын толтыру және ресімдеу. 2. Шығын материалдарын, сондай-ақ пайдалану мерзімі өтіп кеткен жабдықты есептен шығару актілерін ресімдеу. 3. Шығын материалдары мен жабдықтарды есептен шығаруға құжаттарды ресімдеу.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Білімдер: 1. Ерітінділерді дайындау мен тұтынуды тіркеу, шәуеттің сапасын бағалау қағидалары. 2. Құжаттардың нысандары мен материалдар мен жабдықтардың түсуі мен жұмсалуды есепке алу қағидалары. 3. Құжаттардың нысандары және шығыс материалдары мен жабдықтарды есептен шығару тәртібі.	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Өз бетінше жұмыс істеу және жауапкершілік Тәртіптілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-		
СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Асыл тұқымдық техник	
14. "Марал өсіруші" кәсіптік карточкасы			
Топтың коды:	6121-3		
Қызмет атауының коды:	6121-3-006		
Кәсіптің атауы:	Марал өсіруші		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	4		

БТБА, БА және басқа үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	БТБА, 64-шығарылым. Мал өсіруші, 5-разряд		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: техникалық және кәсіптік білім (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Зоотехния	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	1 жыл еңбек өтілі		
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Мал өсіруші		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Табынды тұрақты басқару мақсатында марал бастарын күтіп-баптау және өсіру бойынша ұйымдастыру және өндірістік жұмыстарды жүргізу		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
